**Ақпараттық технологияларды қолдану бойынша облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрінің 2011 жылғы 14 маусымдағы № 168 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 27 маусымда № 7044 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2012 жылғы 25 шілдедегі № 457 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2012.07.25 № 457 Бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 сәуірдегі № 438 қаулысының 2 тармағын орындау барысында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Ақпараттық технологияларды қолдану бойынша облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпараттық технологиялар саласындағы мемлекеттік саясат департаменті (Қ.Б. Елеусізова):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың белгіленген тәртіпте ресми жариялауын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр* *А. Жұмағалиев*

Қазақстан Республикасы
Байланыс және ақпарат
министрінің
2011 жылғы 14 маусымдағы
№ 168 бұйрығымен
бекітілген

# Ақпараттық технологияларды қолдану бойынша облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесі

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ақпараттық технологияларды қолдану бойынша облыстық бюджеттен , республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) «Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 сәуірдегі № 438 қаулысын іске асыру мақсатында әзірленген.

2. Әдістеме мемлекеттік органның қызметінің айқындығын арттыру және үрдістерін оңтайландыру үшін облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың (бұдан әрі – атқарушы орган) ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау бойынша үрдістердің жиынтығын анықтауға арналған.

3. Осы Әдістемеде мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) ақпараттық жүйе – ақпараттық технологияларды пайдаланумен электрондық ақпараттық ресурстарды құру, жинақтау, өңдеу, толтыру, сақтау, іздестіру, тапсыру, пайдалану және тарату үрдістерін іске асыру үшін арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;

2) ақпараттық технологиялар – ақпарат жинақтауды, құруды, сақтауды, толтыруды, өңдеуді, іздеуді, шығаруды, көшіруді, тапсыруды және таратуды қамтамасыз ететін технологиялық кешенде біріктірілген өндірістік үрдістер мен бағдарламалық-техникалық құралдар әдістерінің жиынтығы;

3) интернет-ресурс – ашық ақпараттық-коммуникациялық желіде жұмыс істейтін электрондық ақпараттық ресурс, оны жүргізу және (немесе) пайдалану технологиясы, сондай-ақ ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін ұйымдық құрылым;

4) электрондық құжат айналымының жүйесі – электрондық құжаттармен алмасу жүйесі, қатысушылар арасындағы қарым-қатынас «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы заңымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 сәуірдегі № 430 қаулысымен бекітілген Электрондық құжат айналым ережесімен реттеледі.

4. Атқарушы органдардың ақпараттық технологияларды қолдануын құрамы облыс (Астана және Алматы қалалары) әкімімен бекітілген бағалауды ақпараттық технологияларды қолдануды бағалау жөніндегі Жұмыс тобы (бұдан әрі – Жұмыс тобы), есептілік күнтізбелік жылдың қортындылары бойынша жүзеге асырады. Жұмыс тобының құрамына тәуелсіз сарапшылар және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері тартылады.

5. Облыс (Астана және Алматы қалалары) әкімі бекіткен атқарушы органдар қызметтерінің бағалау тиімділігіне жыл сайынғы бағалау жүргізудің кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

6. Атқарушы органдар өзінің ақпараттық технологияларды қолдану жөніндегі қызметі туралы ақпаратты осы Әдістеменің 1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша облыс, Астана және Алматы қалалары әкімдігіне (бұдан әрі - Әкімдік) ұсынады.

7. Жұмыс тобы атқарушы органның интернет-ресурсында орналасқан атқарушы органның деректерімен және электрондық құжат айналымның ақпараттық жүйелерінен алынған деректермен салыстыру арқылы, олардың нақтылығына, барлық көздерден алынатын мәліметтердің талдауын өткізеді.

8. Атқарушы органмен ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша Әкімдікпен дайындалған есептік ақпарат Әдістеменің 2 қосымшасына сәйкес нысан бойынша ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға береді.

9. Атқарушы органдармен ақпараттық технологияларды қолдануды бағалау мынадай критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

1) атқарушы органда ақпараттық технологияларды қолдану жөніндегі іс-шаралар;

2) интернет-ресурстың қол жетімділігі және ашықтығы;

3) іс жүргізуде электрондық құжат айналымының жүйесін пайдалану;

4) электрондық форматта мемлекеттік органның функцияларын іске асыру.

10. Әрбір критерий бойынша көрсеткіштер анықталды, оған сәйкес тиісті ұпай қойылады. Критерийлер мен көрсеткіштердің әрбірі Әдістеменің 3 қосымшасындағы Кестеге сәйкес анықталған тиісті ұпайға ие.

Ұпайлар ақпараттық технологияларды қолдану бойынша критерийлердің маңыздылығы дәрежесін ескере отырып қойылған. Атап айтқанда:

1) «Атқарушы органда ақпараттық технологияларды қолдану жөніндегі іс-шаралар» критерийі бойынша атқарушы орган өзінің ақпараттық технологияларды қолдану жөніндегі іс-шараларын нақты анықтауы және бекітуі, сондай-ақ оны іске асыруын ескере отырып, 10-ға тең ұпай қойылды;

2) «Интернет-ресурстың қол жетімділігін және ашықтығын бағалау» критерийі бойынша осы критерий қоғам алдында атқарушы органның қызметінің есептілігін және мөлдірлігін қамтамасыз етуге бағытталғандықтан 20 ұпай қойылған;

3) «Іс жүргізуде электрондық құжат айналымы жүйесін пайдалануды бағалау» критерийі бойынша критерий қағаздағы құжат айналым үлесін азайту, құжатты әзірлеу, өндеу және жіберуге уақытты қысқарту, құжаттармен жұмыс істеуде жеделдігін асыру, атқарушы органның қызметін оңтайландыруға бағытталғанын ескере отырып, 20 ұпай қойылған;

4) «Электрондық форматта атқарушы органның функцияларын іске асыруды бағалау» критерий бойынша ақпараттық технологияларды қолдау бірінші кезекте халық және бизнеске қызметтерді көрсетуде атқарушы органның функциясын автоматтандыруға, атқарушы органмен халық және бизнесті тікелей байланысын және әкімшілік кедергілерді қысқартуға бағытталған болу керектігін ескере отырып, 50-ға тең аса жоғары ұпай қойылған.

11. Атқарушы органның ақпараттық технологияларды қолдануын бағалау Әдістеменің 3 қосымшасындағы Кестеде көрсетілген белгілі бір салмақтық ұпайларға сәйкес критерийлердің мәнді сомасы ретінде мынадай формула бойынша анықталады:

$$N = P_1 + P_2 + P_3 + P_4$$

N бар жерде – атқарушы органмен ақпараттық технологияларды қолдануды бағалаудың жалпы ұпайы, P – критерийдің мәні.

12. Критерийлердің мән есебі Әдістеменің 3 қосымшасындағы Кестеде көрсетілген салмақтық ұпайлармен сәйкес осы критерийдің барлық көрсеткіштер сомасынан шыға отырып, мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$P = (C_i * V_i * k) + (C_{i+1} * V_{i+1} * k) + (C_{i+2} * V_{i+2} * k) + \dots$$

P бар жерде – критерийдің мәні, C – көрсеткіштің мәні, V – көрсеткіштің ұпайы, i – осы критерий үшін 1-ден бастап көрсеткіштердің санына дейін ара қашықтығы, k – көрсеткіштің коэффициенті, критерийлер және көрсеткіштер

бойынша коэффициенттер бар болғанда.

Атқарушы органның ақпараттық технологияларды қолдануын бағалау критерийлерінің негізгі көрсеткіштері осы Әдістеменің 4 қосымшасында бейнеленген.

## 2. «Атқарушы органда ақпараттық технологияларды қолдану жөніндегі іс-шаралар» критерийі бойынша бағалау

13. Ақпараттық технологияларды қолдану жөніндегі іс-шараларда атқарушы органдардың бекітілген бағдарламаларында немесе құжаттарында (стратегиялық жоспарларда, операциялық жоспарларда, аймақтарды дамыту бағдарламаларында, жеке іс-шаралар жоспарларында немесе ұйымдық-рұқсат ету құжаттамаларында) электрондық форматқа мемлекеттік қызметтерді аударуға бағытталған іс-шараларды және атқарушы органның функцияларын автоматтандыру бойынша іс-шаралардың бар болуымен түсіндіріледі.

14. Көрсеткішті бағалау үшін ақпарат көзі Әдістеменің 1 қосымшасына сәйкес, Әкімдікке берілетін есептілік нысанының 1.1 жолындағы 3 бағанында көрсетілген ақпарат болып табылады.

15. Жұмыс тобы осы көрсеткіш бойынша атқарушы органның қызметін бағалау барысында есептілікте көрсетілген атқарушы органның ақпаратын берілген құжаттарды талдау арқылы тексереді: ақпараттық технологияларды қолдану жөніндегі іс-шаралармен бекітілген бағдарламалармен жоспарлардың көшірмесі.

16. Талап етілетін құжаттар бар болған жағдайда ақпараттық технологияларды қолдану жөніндегі іс-шаралардың тармақтарының орындалуы тексеріледі, 100 % орындалуы кезінде 10 ұпай қойылады, 80 % орындалуы кезінде 8 ұпай қойылады және т.б., тармақтарды орындамаған кезде немесе жоспарларда іс-шаралар мен тармақтардың осындай жоспарлары болмаған кезде – 0 ұпай қойылады.

## 3. «Интернет-ресурстың қол жетімділігі және ашықтығы» критерийі бойынша бағалау

17. Бағалау мынадай көрсеткіштер бойынша жүргізіледі:

1) интернет-ресурстың бар болуы және қол жетімділігі;

2) интернет-ресурстың алға басуы;

3) ақпаратты орналастырудың толықтығы, сапасы мен уақтылылығы.

## Параграф 1. «Интернет-ресурстың бар болуы және қол жетімділігі» көрсеткіші бойынша бағалау

18. Интернет-ресурстың бар болуы және қол жетімділігі деп 24х7 (аптасына 7 күн тәулігіне 24 сағат) режимінде пайдаланушылар үшін оның қол жетімділігі және ашық ақпараттық-коммуникациялық Интернет желісіндегі мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсы ретінде бір мағыналы ұстанымдағы интернет-ресурстың бар болуымен түсіндіріледі.

19. «Интернет-ресурстың бар болуы және қол жетімділігі» көрсеткішін бағалау үшін ақпараттың көздері:

1) Әдістеменің 1 қосымшасына сәйкес Әкімдікке берілген ақпараттық технологияларды пайдалануды бағалау жөніндегі атқарушы органның есептілік нысанының (бұдан әрі – есептілік нысан) 2.1 жолдағы 3 бағанында көрсетілген ақпарат;

2) атқарушы органның ресми интернет-ресурсы.

20. Жұмыс тобы осы көрсеткіш бойынша атқарушы орган қызметін бағалау барысында Интернет желісінде оның ресми интернет-ресурсын қарау арқылы атқарушы органның ақпарат есептілігінде көрсетілгенді тексереді.

21. Интернет желісіндегі атқарушы органның ресми интернет-ресурсының бар болуын қарау тоқсан сайын 3 реттен, аптаның әртүрлі күндерінде және тәуліктің кез келген уақытында жүргізіледі.

22. Егер Интернет желісінің барлық қараулар барысы атқарушы органның ресми интернет-ресурсы тіркелген және көрсетілген есептіліктегі мекенжай бойынша қол жетімді болып табылса, онда оған «бар, қол жетімді» қортындысы беріледі және 3 ұпай тағайындалады.

Егер атқарушы органның ресми интернет-ресурсы тіркелген болып табылса, бірақ үшеуден бір қарау барысында мекенжай есептілігінде (аптаның белгілі бір күндері немесе тәуліктің белгілі бір уақытында) көрсетілген бойынша Интернет желісінде қол жетімсіз болса, онда оған 2 ұпай тағайындалады.

Егер атқарушы органның ресми интернет-ресурсы тіркелген болып табылса, бірақ үшеуден екі қарау барысында мекенжай есептілігінде (аптаның белгілі бір күндері немесе тәуліктің белгілі бір уақытында) көрсетілген бойынша Интернет желісінде қол жетімсіз болса, онда оған 1 ұпай тағайындалады.

Егер Интернет желісінің барлық қарау барысында атқарушы органның ресми интернет-ресурсы тіркелмесе немесе қол жетімсіз болса (Интернет желісінде табу мүмкін болмаса), онда оған 0 ұпай тағайындалады.

## Параграф 2. «Интернет-ресурстың алға басуы» көрсеткіші бойынша бағалау

23. Интернет-ресурстың алға басуы деп интернет-ресурсты іздеуді және интернет-ресурстың дәйексөзді арттыру үшін өзекті сөзнысанының бар болуы ( атқарушы органның атауы), халықаралық іздеу жүйелерінде (google, yandex, rambler, yahoo) сілтемелердің бар болуымен түсіндіріледі.

24. «Интернет-ресурстың алға басуы» көрсеткішін бағалау үшін ақпарат көздері:

1) Әдістеменің 1 қосымшасына сәйкес Әкімдікке берілетін есептілік нысанының 2.2 жолындағы 3 бағанында көрсетілген ақпарат;

2) атқарушы органның интернет-ресурсына сілтемелер бар болуына халықаралық іздеу жүйелерінде (google, yandex, rambler, yahoo) іздеу нәтижелерін талдау болып табылады.

25. Жұмыс тобы осы көрсеткіш бойынша атқарушы органның қызметін бағалау барысында атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтемелерді Интернет желісінде қарау арқылы атқарушы органның ақпарат есептілігінде көрсетілгенді тексереді.

26. Интернет желісінде атқарушы органның ресми интернет-ресурсының алға басуы бойынша деректерді талдау тоқсан сайын, аптаның әртүрлі күндері мен тәуліктің уақытында тоқсанына 3 реттен жүргізіледі.

27. Егер талдау барысында атқарушы органның интернет-ресурсына сілтеме, іздеу нәтижелерінің 1-2 беттерінде тұрса, онда оған 7 ұпай тағайындалады.

Егер талдау барысында атқарушы органның интернет-ресурсына сілтеме іздеу нәтижелерінің 3-4 беттерінде тұрса, онда оған 4 ұпай тағайындалады.

Егер талдау барысында атқарушы органның интернет-ресурсына сілтеме іздеу нәтижелерінің 5 және әрі қарай беттерінде тұрса, онда оған 3 ұпай тағайындалады.

Егер талдау барысында атқарушы органның интернет-ресурсына сілтеме іздеу нәтижелерінде тұрмаса, онда оған 0 ұпай тағайындалады.

## Параграф 3. «Ақпаратты орналастырудың толықтығы, сапасы және уақтылылығы» көрсеткіші бойынша бағалау

28. Интернет-ресурста ақпаратты толық орналастыру деп «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы № 107 Заңымен және «Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналасқан мемлекеттік органдар туралы электрондық ақпараттық ресурстардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 3

қазандағы № 891 қаулысымен және «Электрондық ақпараттық ресурстарды мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарына орналастыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 13 шілдедегі № 598 қаулысымен анықталған тізбесі ақпараттың бар болуымен түсіндіріледі. Осы көрсеткіш бойынша есеп осы Әдістеменің 5 қосымшасында көрсетілген индикаторлар бойынша жүргізіледі.

29. Атқарушы органның интернет-ресурсында ақпаратты орналастырудың сапасы мен уақтылылығы Әдістеменің 5 қосымшасындағы мынадай тармақтарда ақпаратты өзектілеу бойынша бағаланады:

1) 1.3, 1.14, 1.21 тармақтардағы ақпарат күн сайын жаңартылуы тиіс;

2) 1.2, 1.4, 1.7 – 1.13, 1.15, 1.17 – 1.19 тармақтардағы ақпарат тоқсанына бір реттен кем емес жаңартылуы тиіс;

3) қалған тармақшалардағы ақпарат Қазақстан Республикасы Үкіметі немесе Президенті атқарушы органның құрылымы немесе басшылығының өзгеруі жөніндегі шешімдерді, сондай-ақ халықтың және бизнестің жұмыс тәртібіне қатысты нормативтік құқықтық актілерді қабылдағаннан кейін бір апта ішінде жаңартылуы тиіс.

30. «Ақпаратты орналастырудың толықтығы, сапасы және уақыттылығы» көрсеткішін бағалау үшін ақпарат көздері:

1) Әдістеменің 1 қосымшасына сәйкес Әкімдікке берілетін есептілік нысанының 2.3 жолындағы 3 бағанында көрсетілген ақпарат;

2) атқарушы органның ресми интернет-ресурсы.

3) үкіметтік емес ұйымдардың ақпараты болып табылады.

31. Жұмыс тобы осы көрсеткіш бойынша атқарушы органның қызметін бағалау барысында орналастыру және өзектілеу (бар болған кезде) мерзімдерін көрсете отырып, интернет-ресурста орналасқан ақпараттың бекітілген тізбесін мемлекеттік және орыс тілдерінде ақпаратты орналастырудың толықтығын, сапасын және уақыттылығын қамтамасыз етуге жауапты адамды бекіту туралы берілген құжаттарды (бұйрықтың көшірмесі (бар болған кезде) талдау арқылы атқарушы органның және үкіметтік емес ұйымдардың ақпарат есептілігінде көрсетілгенді тексереді.

32. Интернет желісінде атқарушы органның ресми интернет-ресурсында ақпаратты орналастырудың толықтығын, сапалылығын және уақыттылығын бағалау Әдістеменің 5 қосымшасына сәйкес тоқсан сайын, аптаның әр түрлі күндерінде және тәуліктің кез-келген уақытында тоқсанына 3 рет жүргізіледі.

Баллдарды беру кезінде интернет-ресурстағы ақпараттың толықтығының коэффициенті есепке алынады.

Толықтық ақпараттың толықтығының деңгейі тәуелділігінен үш мағынадан

бірі бар болған коэффициент ($k_п$) анықталады:

1) толықтықтың жоғары деңгейі (70-100%) – $k_п$ 1-ге тең (қажет болған мәлімет толық көлемде ұсынылған және барлық ақпарат толық көлемде баяндалған);

2) толықтықтың орташа деңгейі (40-60%) – $k_п$ 0,5-ке тең (қажет болған мәлімет толық көлемде ұсынылған, бірақ ақпарат толық көлемде баяндалмаған);

3) толықтықтың төменгі деңгейі (10-30%) – $k_п$ 0,25-ке тең (толық ақпарат ұсынылмаған).

33. Атқарушы органның ресми интернет-ресурсында ақпаратты орналастырудың толықтығын, сапалылығын және уақыттылығын бағалаудың барынша мәні 100 ұпай құрайды. Осы көрсеткіш бағалауын он ұпайлық шкалаға келтіру мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$\sum_{i=1}^{21}(R_i * k_п)/R_{max} * 10$$

мұнда, R – көрсеткіш мағынасы;

i – Әдістеменің 5 қосымшасына сәйкес бірден осы критерий үшін көрсеткіштердің санына дейін аралық;

R max – көрсеткіш үшін максималдық мағына, 100 балл;

$k_п$ – ақпараттың толықтығы дәрежесінің коэффициенті.

Мысалға, егер бір атқарушы органның көрсеткіші 95 тең болса, онда он ұпайлық мектепке қалыпқа келтіру формуласына сәйкес 9,5 ұпай аламыз.

## 4. «Іс жүргізуде электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану» критерийі бойынша бағалау

34. Мынадай көрсеткіштер бойынша бағалау жүргізіледі:

1) ведомствоаралық электрондық құжат айналымы;

2) ішкі электрондық құжат айналымы;

3) электрондық құжаттарды тіркеу;

4) электрондық құжаттарды келісімдеу;

5) Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі және/немесе электрондық құжат айналымы жүйесіне (бұдан әрі - ЭҚАБЖ/ЭҚЖ) мұрағатына электрондық құжаттарды шығынға жазу.

### Параграф 1. «Ведомствоаралық электрондық құжат айналымы» көрсеткіші бойынша бағалау

35. Ведомствоаралық хат-хабар алмасуды жүзеге асыру үшін ЭҚАБЖ/ЭҚЖ пайдалану тиімділігі, атап айтқанда мемлекеттік және атқарушы органдарға жөнелтуге тиесілі құжаттардың жалпы санына, басқа мемлекеттік және атқарушы органдарға ведомствоаралық құжат айналымы модулі арқылы атқарушы органның ЭҚАБЖ/ЭҚЖ ведомствосына барлық деректер қорынан жолданған құжаттардың саны «Ведомствоаралық электрондық құжат айналымы» көрсеткіші бойынша бағалау деп түсіндіріледі.

36. Жұмыс тобы осы көрсеткіш бойынша атқарушы орган қызметін бағалау барысында есепті күнтізбелік жылға ЭҚАБЖ/ЭҚЖ ведомстволық жүйесінен статистикалық есептерді қарау арқылы атқарушы органның ақпарат есептілігіндегі көрсетілгенді, қажет болған кезде ЭҚЖ статистикалық деректерді қағаздағы иеленуші құжат айналымын есепке алу журналдарын салыстырумен тексереді

37. Бағалау электрондық құжаттар үлесінің мәніне сәйкес одан әрі 4 көбейтіліп қойылады. Мысалы, егер электрондық құжаттардың (жолдауға тиесілі құжаттардың жалпы санына бөлінген құжаттар ЭҚАБЖ орталығы арқылы жолданған санының) үлесі 0,95 тең болса – 0,95-ті 4-ке көбейтеміз де 3,8 балл аламыз.

## Параграф 2. «Ішкі электрондық құжат айналымы» көрсеткіші бойынша бағалау

38. Құрылымдық бөлімшелер арасындағы хат-хабарлармен алмасуды жүзеге асыру үшін ведомстволық электрондық құжат айналымының жүйесін (ЭҚАБЖ/ЭҚЖ) пайдалану тиімділігі, атап айтқанда ішкі құжаттардың жалпы санына қатысты, оның ішінде нормативтік актілер мен ұйымдастыру-өкімдік құжаттамалардың (құпиялық сипаттағы және қызмет бабында пайдалану үшін құжаттамалардан басқа) ЭҚАБЖ/ЭҚЖ ішкі деректердің қорында құжаттардың үлесі «Ішкі электрондық құжат айналымы» көрсеткіші бойынша бағалау деп түсіндіріледі.

39. Жұмыс тобы осы көрсеткіш бойынша атқарушы органның қызметін бағалау барысында есептілікте көрсетілген атқарушы органның ақпаратын есептік күнтізбелік жылға ЭҚАБЖ/ЭҚЖ ведомстволық жүйеден статистикалық есептерді талдау арқылы, қажет болған кезде ЭҚЖ статистикалық деректерді қағаздағы иеленуші құжат айналымын есепке алу журналдарын салыстырумен тексереді.

40. Бағалау 4-ке келесі көбейтумен жолданған ішкі электрондық құжаттар үлесінің мәндеріне сәйкес қойылады. Мысалы, егер жолданған ішкі электрондық құжаттардың үлесі (электрондық және қағаз түрінде өңделген құжаттардың

жалпы санына бөлінген ішкі құжаттардың электрондық түрінде жолданғандардың саны) 0,95 тең болса – 0,95-ті 4-ке көбейтеміз де 3,8 балл аламыз.

## Параграф 3. «Электрондық құжаттарды тіркеу» көрсеткіші бойынша бағалау

41. Электрондық құжаттарды тіркеу деп атқарушы органға келіп түскен хат-хабарларды және олардың ЭҚАБЖ/ЭҚЖ деректер қорындағы қозғалысының тіркеу толықтығы түсіндіріледі.

42. Жұмыс тобы осы көрсеткіш бойынша атқарушы органның қызметін бағалау барысында есептілікте көрсетілген атқарушы органның ақпаратын есептік күнтізбелік жылға ЭҚАБЖ/ЭҚЖ ведомстволық жүйесінен статистикалық есептерді қарау арқылы, қажет болған кезде ЭҚЖ статистикалық деректерді қағаздағы иеленуші құжат айналымын есепке алу журналдарын салыстырумен тексереді.

43. Бағалау одан әрі 4-ке көбейтіліп, тіркелген құжаттар үлесінің мәніне сәйкес қойылады. Мысалы, егер тіркелген электрондық құжаттардың үлесі 0,95 тең болса – 0,95-ті 4-ке көбейтеміз де 3,8 балл аламыз.

## Параграф 4. «Электрондық құжаттарды келісімдеу» көрсеткіші бойынша бағалау

44. ЭҚАБЖ/ЭҚЖ электрондық құжаттарды келісімдеу деп ЭҚАБЖ/ЭҚЖ электрондық құжаттарға келісімдеу және қол қою үдерістерін толық пайдалану түсіндіріледі.

45. Жұмыс тобы осы көрсеткіш бойынша атқарушы органның қызметін бағалау барысында есептілікте көрсетілген атқарушы органның ақпаратын есептік күнтізбелік жылға ЭҚАБЖ/ЭҚЖ ведомстволық жүйесінен статистикалық есептерді қарау арқылы тексереді.

46. Бағалау одан әрі 4-ке көбейтіліп, келісілген электрондық құжаттар үлесінің мәніне сәйкес қойылады. Мысалы, егер электрондық құжаттардың мұрағатқа шығынға жазылғандардың үлесі 0,95 тең болса – 0,95-ті 4-ке көбейтеміз де 3,8 балл аламыз.

## Параграф 5. «ЭҚАБЖ/ЭҚЖ мұрағатына электрондық құжаттарды шығынға жазу» көрсеткіші бойынша бағалау

47. ЭҚАБЖ/ЭҚЖ мұрағатына электрондық құжаттарды шығынға жазу деп ЭҚАБЖ/ЭҚЖ мұрағатына атқарылған құжаттарды рәсімдеу толықтығы (ол

бойынша іс жүргізу жабық) түсіндіріледі.

48. Жұмыс тобы осы көрсеткіш бойынша атқарушы органның қызметін бағалау барысында есептілікте көрсетілген атқарушы органның ақпаратын есептік күнтізбелік жылға ЭҚАБЖ/ЭҚЖ ведомстволық жүйесінен статистикалық есептерді қарау арқылы тексереді.

49. Бағалау одан әрі 4-ке көбейтіліп, шығынға жазылған құжаттар үлесінің мәніне сәйкес қойылады. Мысалы, егер электрондық құжаттардың мұрағатына шығынға жазылғандардың үлесі 0,95 тең болса, – 0,95-ті 4-ге көбейтеміз де 3,8 аламыз.

## 5. «Электрондық форматта мемлекеттік органның функцияларын іске асыру» критерийі бойынша бағалау

50. Бағалау мынадай көрсеткіштер бойынша жүргізіледі:

1) атқарушы органның функциясын автоматтандыру дәрежесі;

2) «Электрондық үкіметтің» құрамдауыштарымен ведомстволық ақпараттық жүйелерді ықпалдастыру;

3) өнеркәсіптік және тәжірибелік пайдалануға енгізілген атқарушы органның ақпараттық жүйелерінің бар болуы;

4) тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдаланудағы ақпараттық жүйелерге техникалық құжаттаманың (техникалық-экономикалық негіздеме, техникалық тапсырма, техникалық ерекшелік) бар болуы;

5) электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркеліміне енгізілген ақпараттық ресурстар мен жүйелердің, бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық кодтардың және нормативтік-техникалық құжаттаманың саны, ақпараттық жүйелердің, бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық кодтардың және нормативтік-техникалық құжаттаманың депозитарийі;

6) ақпараттық жүйелерде мемлекеттік тілдегі интерфейстің бар болуы.

## Параграф 1. «Атқарушы органның функцияларын автоматтандыру дәрежесі» көрсеткіші бойынша бағалау

51. Атқарушы органның функцияларын автоматтандыру дәрежесі деп автоматтандыруға жататын атқарушы органның функцияларын жалпы санына атқарушы органдардың функцияларын ақпараттық жүйелері арқылы автоматтандырылған саны түсіндіріледі.

Функциялардың толық тізбесі облыстық, республикалық маңызы бар қаланың , астананың мемлекеттік жоспарлау бойынша уәкілетті органның келісімі бойынша, сондай-ақ, атқарушы органның функцияларына жүргізілген талдау

бойынша есептер (бар болған жағдайда) атқарушы органмен анықталады.

Егер облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау бойынша уәкілетті органымен келісілмеген функциялардың тізбесі атқарушы органмен ұсынған жағдайда осы көрсеткіш қарастырылмайды және 0 балл қойылады.

Осы функцияларды автоматтандырушы ақпараттық жүйелердің атауы және автоматтандыру деңгейін көрсете отырып атқарушы органмен автоматтандырылған функциялардың бар болуы Әдістеменің 6 қосымшасына сәйкес анықталады.

Келісілген функциялардың тізбесі автоматтандырылған функцияларды көрсете отырып, кестеде белгіленген мерзімде атқарушы органмен Әкімдікке берілу тиіс.

52. Көрсеткішті бағалау үшін ақпарат көзі болып Әдістеменің 1 қосымшасына сәйкес, Әкімдікке берілетін есептілік нысанының 4.1 жолындағы 3 бағанында көрсетілген ақпарат табылады.

53. Жұмыс тобы осы көрсеткіш бойынша атқарушы органның қызметін бағалау барысында есептілікте көрсетілген атқарушы органның ақпаратын тізбеде анықталған атқарушы органның негізгі функцияларды талдау арқылы тексереді; олардың автоматтандырылған деңгейімен, автоматтандыруға жататын функциялар, сондай-ақ, есептілікте көрсетілген ведомстволық ақпараттық жүйелердің тұсаукесері жолымен функцияларды автоматтандыру факті тексеріледі.

54. Бағалау автоматтандыруға жататын функциялардың санына атқарушы органның автоматтандырылған функциялардың санын бөлу жолымен алынған мәндермен сәйкес қойылады. Алынған мәндер 20-ға көбейтіледі. Мысалы, егер автоматтандырылған функциялардың үлесі 0,95 тең болса, 0,95-ті 20-ға көбейтеміз де, 19 ұпай аламыз.

## Параграф 2. «Электрондық үкіметтің» құрамдуыштарымен ведомстволық ақпараттық жүйелерді ықпалдастыру» көрсеткіші бойынша бағалау

55. «Электрондық үкіметтің» құрамдауыштарымен ықпалдастыруға тиісті ведомстволық ақпараттық жүйелердің жалпы санына қатысты «электрондық үкіметтің» құрамдауыштарымен ықпалдастырылған ведомстволық ақпараттық жүйелердің саны «Электрондық үкіметтің» құрамдауыштарымен ведомстволық ақпараттық жүйелерді ықпалдастыру деп түсіндіріледі.

56. Көрсеткішті бағалау үшін ақпарат көзі Әдістеменің 1 қосымшасына сәйкес Әкімдікке берілетін есептілік нысанының 4.2 жолындағы 3 бағанында

көрсетілген ақпарат болып табылады.

57. Жұмыс тобы осы көрсеткіш бойынша атқарушы органның қызметін бағалау барысында есептілікте көрсетілген атқарушы органның ақпаратын « электрондық үкіметтің» құрауыштарымен оларды ықпалдастыру қажеттілігіне ведомстволық ақпараттық жүйелерді талдау арқылы тексереді. Бұл ретте, атқарушы органмен ведомстволық ақпараттық жүйелердің тұсаукесері жолымен «электрондық үкіметтің» құрауыштарымен ведомстволық жүйелерді ықпалдастыруды іске асыру тексеріледі.

58. Бағалау «электрондық үкіметтің» құрамдауыштарымен ықпалдастыруға жататын ақпараттық жүйелердің санына «электрондық үкіметтің» құрамдауыштарымен ықпалдастырылған атқарушы органның ақпараттық жүйелерінің санын бөлу жолымен алынған мәндермен сәйкес қойылады. Алынған мәндер 5-ке көбейтіледі. Мысалы, егер «электрондық үкіметтің» құрауыштарымен ықпалдастырылған жүйелердің үлесі 0,95 тең болса, 09,5-ті 5-ке көбейтеміз де, 4,75 ұпай аламыз.

59. «Электрондық үкіметтің» құрауыштарымен ведомстволық жүйелерді ықпалдастыру қажеттігі жоқ болған жағдайда осы көрсеткіш бойынша максималды 5 ұпай қойылады.

## Параграф 3. «Тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалануға енгізілген атқарушы органның ақпараттық жүйелерінің бар болуы» көрсеткіші бойынша бағалау

60. Осы көрсеткіш тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалану кезеңіндегі атқарушы органның ақпараттық жүйелерінің жалпы санына техникалық-экономикалық негіздеме, техникалық тапсырма және техникалық ерекшелікпен (бұдан әрі - техникалық құжаттама) белгіленген мерзімде өнеркәсіптік пайдаланудағы ведомстволық ақпараттық жүйелердің қатынасын анықтайды.

61. Көрсеткішті бағалау үшін ақпарат көзі болып Әдістеменің 1 қосымшасына сәйкес, Әкімдікке берілетін есептілік нысанының 4.3 жолындағы 3 бағанында көрсетілген ақпарат табылады.

62. Жұмыс тобы осы көрсеткіш бойынша атқарушы органның қызметін бағалау барысында есептілікте көрсетілген атқарушы органның ақпаратын осы жүйелердің көрсетілген кезеңдеріне сәйкестілігін ведомстволық ақпараттық жүйелерді талдау, пайдалануға енгізуді рәсімдеу үдерістерін Қазақстан Республикасы аймағында қолданыстағы ақпараттық технологиялар саласындағы стандарттарға сәйкестік пәніне тексеру, пайдалануға (тәжірибелік және өнеркәсіптік) енгізу жоспарланған мерзім бар болу пәніне техникалық

құжаттарды тексеру арқылы тексереді.

63. Бағалау тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалануға тапсырылған атқарушы органның ақпараттық жүйелерінің жалпы санына пайдалануға енгізу рәсімдер үдерістерінің коэффициентін ескере отырып, техникалық құжаттамамен белгіленген мерзімде тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалануға тапсырылған атқарушы органның ақпараттық жүйелерінің санын бөлу жолымен алынған мәндермен сәйкес қойылады. Алынған мәндер 10-ға көбейтіледі. Мысалы, техникалық құжаттамамен белгіленген мерзімде тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалануға енгізілген ақпараттық жүйелердің үлесі 0,95 тең болса, 09,5-ті 10-ға көбейтеміз, 9,5 ұпайды аламыз.

64. Тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалануға енгізуді рәсімдеу үдерістерінің коэффициенттері Әдістеменің 7 қосымшасында келтірілген.

## Параграф 4. «Тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдаланудағы ақпараттық жүйелерге техникалық құжаттаманың бар болуы» көрсеткіші бойынша бағалау

65. Осы көрсеткіш тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдаланудағы, тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдаланудағы атқарушы органның ақпараттық жүйелерінің жалпы санына коэффициенттерді ескере отырып, техникалық құжаттамасы бар ақпараттық жүйелер санының қатынасын анықтайды.

66. Көрсеткішті бағалау үшін ақпарат көзі Әдістемеге 1 қосымшаға сәйкес Әкімдікке берілетін есептілік формасының 4.4 жолының 3 бағанында көрсетілген ақпарат болып табылады.

67. Жұмыс тобы осы көрсеткіш бойынша атқарушы органның қызметін бағалау барысында тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдаланудағы ақпараттық жүйелерге техникалық құжаттардың бар болуын тексеру жолымен атқарушы орган ақпаратының есептілігінде көрсетілген ақпаратты тексереді.

68. Бағалау тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдаланудағы атқарушы органның ақпараттық жүйелерінің жалпы санына коэффициентті ескере отырып, техникалық құжаттамасы бар, тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдаланудағы ақпараттық жүйелердің санын бөлу жолымен алынған мәндермен сәйкес қойылады. Алынған мәндер 5-ке көбейтіледі. Мысалы, өнеркәсіптік және өнеркәсіптік пайдаланудағы ақпараттық жүйелерге техникалық құжаттардың үлесі 0,95 тең болса, 0,95-ті 5-ке көбейтеміз де, 4,75 ұпай аламыз.

69. Барлық үш құжат бар болған жағдайда бірлікке тең коэффициент есепке алынады, техникалық ерекшелік жоқ болған жағдайда 0,8 тең коэффициент есепке алынады, техникалық тапсырма (немесе техникалық-экономикалық негіздеме) жоқ болған жағдайда коэффициент 0,6-ға тең, техникалық тапсырма

және техникалық ерекшелік (немесе техникалық-экономикалық негіздеме) жоқ болған жағдайда коэффициент 0,46-ға тең, барлық үш құжат жоқ болса коэффициент тиісінше 0-ге тең.

## Параграф 5. «Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркеліміне енгізілген ақпараттық ресурстар мен жүйелердің, бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық кодтардың және нормативтік-техникалық құжаттаманың саны, ақпараттық жүйелердің, бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық кодтардың және нормативтік-техникалық құжаттаманың депозитарийі» көрсеткіші бойынша бағалау

70. Осы көрсеткіш Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркеліміне енгізілген ақпараттық ресурстар мен жүйелердің, бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық кодтардың және нормативтік-техникалық құжаттаманың, ақпараттық жүйелердің, бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық кодтардың және нормативтік-техникалық құжаттаманың депозитарийі санына пайдалануға тапсырылған ақпараттық ресурстар мен жүйелердің, бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық кодтардың және нормативтік-техникалық құжаттаманың жалпы санының қатынасын анықтайды.

71. Көрсеткішті бағалау үшін ақпарат көзі Әдістемеге 1 қосымшаға сәйкес Әкімдікке берілетін есептілік формасының 4.5 жолының 3 бағанында көрсетілген ақпарат болып табылады.

72. Жұмыс тобы осы көрсеткіш бойынша атқарушы органның қызметін бағалау барысында Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркеліміне енгізілген ақпараттық ресурстар мен жүйелердің, бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық кодтардың және нормативтік-техникалық құжаттаманың саны, ақпараттық жүйелердің, бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық кодтардың және нормативтік-техникалық құжаттаманың депозитарийін қосу туралы атқарушы орган ақпаратының есептілігінде көрсетілгенді тексереді.

73. Бағалау Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркеліміне енгізілген ақпараттық ресурстар мен жүйелердің, бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық кодтардың және нормативтік-техникалық құжаттаманың, ақпараттық жүйелердің, бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық кодтардың және нормативтік-техникалық құжаттаманың депозитарийінің санын өнеркәсіптік пайдалануға тапсырылған ақпараттық ресурстар мен жүйелердің, бағдарламалық өнімдердің,

бағдарламалық кодтардың және нормативтік-техникалық құжаттаманың жалпы санына бөлу жолымен алынған мәндермен сәйкес қойылады. Алынған мәндер 5-ке көбейтіледі. Мысалы, егер өнеркәсіптік пайдалануға енгізілген ақпараттық жүйелердің үлесі 0,95 тең болса, 0,95-ті 5-ке көбейтеміз де, 4,75 ұпайды аламыз.

## Параграф 6. «Ақпараттық жүйелерде мемлекеттік тілдегі интерфейстің бар болуы» көрсеткіші бойынша бағалау

74. Ақпараттық жүйелерде мемлекеттік тілдегі интерфейстің бар болуында ведомстволық ақпараттық жүйелердің жалпы саны қатынасына мемлекеттік тілде интерфейсі бар болған ақпараттық жүйелердің саны түсіндіріледі.

75. Көрсеткішті бағалау үшін ақпарат көзі болып осы Әдістеменің 1 қосымшасына сәйкес Әкімдікке берілетін есептілік нысанының 4.6 жолындағы 3 бағанында көрсетілген ақпарат табылады.

76. Жұмыс тобы осы көрсеткіш бойынша атқарушы органның қызметін бағалау барысында есептілікте көрсетілген атқарушы органның ақпаратын мемлекеттік тілдегі интерфейс бар болу пәніне ведомстволық ақпараттық жүйелерді талдау арқылы тексереді.

77. Бағалау атқарушы органның ақпараттық жүйелерінің жалпы санына мемлекеттік тілде интерфейсі (толық, ішінара) бар болған атқарушы органның ақпараттық жүйелерінің санын бөлу жолымен алынған мәндермен сәйкес қойылады. Алынған мәндер 5-ке көбейтіледі. Мысалы, егер тәжірибелік пайдаланудағы ақпараттық жүйелердің үлесі 0,95 тең болса, 0,95-ті 5-ке көбейтеміз де, 4,75 ұпайды аламыз.

78. Егер жүйенің интерфейсі мемлекеттік тілге толық аударылған болса бірлікке тең коэффициент есепке алынады, егер ішінара іске асырылған болса 0,5 тең коэффициент беріледі.

## 6. Электрондық құжат айналымның жүйесін пайдалану бойынша есептілікті толтыру нысаны

79. Әдістеменің 8 қосымшасына сәйкес атқарушы органмен берілетін есептілік келесі бейнеде толтырылады:

1) 2 бағанында ЭҚАБЖ орталығы арқылы ЭҚАБЖ/ЭҚЖ барлық деректер қорынан басқа мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарына жолданған электрондық құжаттар саны көрсетіледі;

2) 3 бағанында ЭҚАБЖ орталығы арқылы басқа мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарына жолданатын құжаттардың жалпы саны көрсетіледі;

3) 4 бағанында ЭҚАБЖ орталығы арқылы жолдануға жататын құжаттардың жалпы санына ЭҚАБЖ орталығы арқылы жолданған құжаттардың саны арқылы

алынған ЭҚАБЖ орталығы арқылы жолданған құжаттардың үлесі көрсетіледі;

4) 5 бағанында электрондық және қағаз түрінде өңделген ішкі құжаттардың жалпы саны көрсетіледі;

5) 6 бағанында электрондық түрде өңделген ішкі құжаттардың жалпы саны көрсетіледі;

6) 7 бағанында ішкі құжаттардың жалпы санын электрондық түрде өңделген құжаттардың жалпы санына бөлу жолымен алынған ішкі құжаттардың үлесі көрсетіледі;

7) 8 бағанында атқарушы органның іс жүргізу регламентіне сәйкес ЭҚАБЖ/ЭҚЖ жүйесіне келіп түскен электрондық құжаттардың жалпы саны көрсетіледі;

8) 9 бағанында тіркелген электрондық құжаттардың саны көрсетіледі;

9) 10 бағанында ЭҚАБЖ/ЭҚЖ жүйесіне келіп түскен электрондық құжаттардың жалпы санын ЭҚАБЖ/ЭҚЖ жүйесіне келіп түскен электрондық құжаттардың жалпы санына бөлу жолымен алынған тіркелген электрондық құжаттардың үлесі көрсетіледі;

10) 11 бағанында электрондық құжаттардың жазылған жобалар саны көрсетіледі;

11) 12 бағанында электрондық түрде келісілген электрондық құжаттардың жазылған жобалар саны көрсетіледі;

12) 13 бағанында электрондық түрде электрондық құжаттардың жазылған жобалар санына келісілген электрондық құжаттардың жазылған жобалар санын бөлу жолымен алынған келісілген электрондық құжаттардың жазылған жобалар үлесі көрсетіледі;

13) 14 бағанында атқарушы органның іс жүргізу регламентіне сәйкес өткен жылда орындалған электрондық құжаттардың саны көрсетіледі;

